

САЯСИ ИСЛАМ ФЕНОМЕНІ: ТҰЖЫРЫМДАМАЛАУ ЖӘНЕ МӘНМӘТІНДЕЛУ МӘСЕЛЕСІ*

¹Тоқтарбекова Лаура Ниязбекқызы, ²Сейтахметова Наталья Львовна

¹lauratoktarbekova@gmail.com, ²natalieseyt@gmail.com

^{1,2}ҚР ҒК ҒЖБМ Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы, Қазақстан)

¹Шығыстану және африкатану мектебі Лондон Университеті
(Лондон, Ұлыбритания)

¹Laura Toktarbekova, ²Natalya Seitakhmetova

¹lauratoktarbekova@gmail.com, ²natalieseyt@gmail.com

^{1,2}Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies MSHE CS RK
(Almaty, Kazakhstan)

¹School of Oriental and African Studies (SOAS) University of London
(London, UK)

Аңдатпа. Исламды саясиландыру, оның саяси билікке және саяси ландшафтқа әсер ететін саяси құрамдас контекстінде таңбалануы әртүрлі, соның ішінде идеологиялық тұрғыдан да түсіндірілетін «саяси ислам» түсінігінің пайда болуына ықпал етті. Саяси ислам ислами бірегейлік, ислам құқығы және ислам мәдени парадигмасы мәселелерін қамтитын ең танымал ислам тақырыптарының біріне айналуда. Мақала авторлары тұжырымдаманың өзінің де, ұсынылған дискурстардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын анықтай отырып, шетелдік және отандық дискурстарда ұсынылған бұл тұжырымдаманың көп өлшемділігін ашады. Саяси ислам исламды саясиландырумен байланысты құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге зерттеу қажеттілігі әлеуметтік-мәдени және діни процестермен байланысты ғылыми тұжырымдама ретінде де зерттеуді талап етеді.

Түйін сөздер: саяси ислам, исламизм, дін, ұғым, ислам термині, исламның жаңғыруы.

Кіріспе

Қазіргі кезде саяси ислам ұғымы анықтамасына байланысты зерттеушілер мен саясаткерлер арасында жалпыға бірдей тұжырымдама жоқ. Әрине, саяси ислам терминін тұжырымдамалау және мәнмәтінделу мәселесі жыл сайын көтеріліп, сөздіктер мен саяси терминологиялық сөздіктерге өзгерістер енгізіліп отырады. Бірақ неге осы терминдердің анықтамасы мен тұжырымдамасы аясына жиі қайшылықтар мен келіспеушіліктер орын алады? Неге академиялық орта ортақ тұжырымдамаға келе алмайды? Неге саяси

* Ғылыми мақала ҚР ҒЖБМ ҒК қаржыландыруы аясында дайындалған (BR21882428 «Постқалыпты кезеңдегі исламның рухани, мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыс ретіндегі әсері мен болашағы: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі»)

ислам термині әр саяси-әлеуметтік қоғамда әр түрлі түсіндіріледі? Міне, осы мәселелердің шешімін табуға және өз тұжырымдамамызды анықтауға тырысамыз.

XX ғасырдың орта шенінде пайда болған саяси ислам, исламизмге байланысты отандық, жақын шетел және алыс шетелдік мамандардың ғылыми еңбектері бірінен соң бірі жарияланды. Қазіргі уақытта да осы терминнің нақты анықтамасы мен мағынасына байланысты туындаған қайшылықтар орын алған саяси ислам ұғымы мағынасын 1942 жылы американдық-австралиялық шығыстанушы Артур Джеффери ең алғаш талдау ұсынған. Ғалым «Исламның саяси маңызы» атты мақаласында қоғамда исламның жай дін ғана емес, сонымен бірге ол діни нанымдар мен діни тәжірибелер жиынтығынан бөлек өмір сүре алатын әлеуметтік-саяси құбылыс [1] деген тұжырымдама жасайды. Жалпы исламның қазіргі саяси маңыздылығын талдауды білдіретін бұл зерттеуде саясиленген исламға қатысты тарихи алғышарттар да, пайғамбарлық болжамдар да берілген. Ал саяси исламның ұйымдасқан қозғалыстарын ғылыми тұрғыдан зерттеу кейінірек пайда болды. 1970 жылдардың аяғында ғалымдар дәстүрлі емес және саяси аренада негізделген ислам бірлестіктерінің жаңа формаларын тани бастады [1]. Сондықтан саяси ислам ретінде сипатталатын құбылыстардың терминологиясы ғалымдар арасында әртүрлі.

Британдық және американдық исламтанушы Б.Льюис 1976 жылы жарияланған «Исламның қайта оралуы» [2] атты мақаласында ислам өте қуатты фактор және кейбір мұсылман басшыларының пайда болған жағдайда қуатты саяси күшке айналатыны туралы айтқан болатын. Сондай-ақ ғалымның бұл мақаласы саяси саладағы исламдық жаңғырудың XX ғасырдың аяғындағы ең алғашқы сәйкестендірулердің бірі ретінде танылды.

Дж.Х. Янсен [3] кітабында саяси исламға қатысты құбылыстар үшін ғалымдар қолданатын әртүрлі терминологияға мысал келтіріліп, «жауынгерлік ислам» және «исламизм» терминдерін бір-бірінің орнына қолданды.

Саяси ислам терминін 1980 жылы алғаш ғылыми термин ретінде енгізген ғалым – Мартин Крамер. Оның «Саяси ислам» [4] атты еңбегі саяси ислам терминін нақты қолданған алғашқы зерттеулердің бірі болды. Армян-американдық саясаттану профессоры Ричард Храйр Декмеджианның 1980 жылы Иран төңкерісінен кейін жазылған «Исламдық жаңғыру анатомиясы: заңдылық дағдарысы, этникалық қақтығыс және исламдық баламаларды іздеу» [5] атты кітабы исламның саясиленуін зайырлы үкіметтердің сәтсіздіктері контекстіне арналған алғашқы талдаулардың бірі, дегенмен ол «исламизм» мен «фундаментализм» терминдері бір-бірімен алмастырылып қолданған. Сондай-ақ 1995 жылы жарияланған ғалымның еңбегі «Революциядағы ислам: араб әлеміндегі фундаментализм» [6]. саясиленген исламды кең тараған және қалыпты деп таныған ғалымның алғашқы негізгі еңбектерінің бірі.

Жоғарыда айтқанымыздай XX ғасырдың орта шенінде пайда болған саяси ислам немесе исламизм ұғымына күрделі әрі жан-жақты зерттеулер ХХІ

ғасырда да жалғасын тапқан. Қазіргі заманғы саяси ислам тұжырымдамасы мен оның тарихи пайда болуы, өзгеріске ұшырып, қазіргі жаңаша түсінілуі туралы Мирский Г.И. (2002), Гудрун Кремер (2004), Джоэл Бейнин (2005), Джон О. Фолл, Тамара Сонн (2009), Гаврилина Е., Семедов А. (2010), Ермекбаев А.А. (2012), Ланда Р.Г. (2015), Саватеев А.Д. (2015), әл-Джанаби М.М. (2015), Хасан Джаббари Насир (2017), Жүсіпбек Ғ. (2017), Ибрагим Гарайбе (2017), Сезари Жоселин (2018), Горшоски Н., (2018), Камалетдинова Д.Р. (2018), Коновалов А.Г. (2021) және т.б. көптеген еңбектері мен мақалаларында қарастырылған.

Зерттеу әдіснамасы

Мақала тақырыбын зерттеу барысында көптеген шетелдік ғалымдардың саяси ислам ұғымына қатысты еңбектері мен ғылыми мақалаларына салыстырмалы талдау жасалды. Саяси ислам ұғымының бастапқы мағынасы мен пайда болу тарихын анықтау барысында тарихи-салыстырмалы, герменевтикалық әдістер пайдаланды. Саяси ислам термині анықтамасы айналасында орын алған қарама-қайшылықтарды зерттеуде ұсынылған тұжырымдамалар мен анықтамалардың ортақтығы мен айырмашылықтарын айқындау үшін дедуктивті және индуктивті әдістер қолданылды.

Ұлыбритания парламентінің «саяси ислам» ұғымына анықтамасы

2016 жылдың наурыз айында Ұлыбритания Сыртқы істер комитеті «саяси исламның» анықтамасы мен сипаттамаларына және Сырты істер министрлігі (FCO) (2020 жылдан бастап Сыртқы істер және халықаралық даму министрлігі (FCDO)) «саяси-исламшыл» топтарды қаншалықты түсінетіні және олармен қарым-қатынасы туралы сауалнама жүргізген болатын.

Осы сауалнама нәтижелерін талқылау үшін 2016 жылы Ұлыбритания Сыртқы істер комитеті «саяси ислам» түсінігінің анықтамасы және сипаттамасына қатысты 4 мәрте отырыс (мамыр, маусым, шілде және қыркүйек) өткізген.

Бұл отырыс саяси исламның жалпы қабылданған анықтамасының жоқтығы мен бұл сөз тіркесіне қатысты пікірталастардың көпшілігі оның мағынасына қатысты сөзталастарға негізделген. Отырысқа «Мұсылманбауырлар» ұйымының жоғарғы жетекшісінің орынбасары Ибрагим Мунир, Кордоба қорының бас атқарушы директоры доктор Анас Алтикрити, «Ан-Нахда» партиясының президенті доктор Радван Масмуди және тәуелсіз ғалым Сондос Ассем арнайы шақыртылып, олардың «саяси ислам» терминіне байланысты ой-пікірлері тыңдалды.

Доктор Радван Масмудидің ойынша, «саяси ислам» бүкіл әлемде саясатта қолданылатын ең дұрыс түсінілмеген және түсініксіз термин. Ол әртүрлі

калыпты, экстремистік, тіпті «агрессивті» саяси партияларды сипаттау үшін де қолданылады. Ол анық, түсінікті термин емес және оны исламды білдіретін, ислам атынан жұмыс істейтін немесе исламды қорғайтын адамдар аса қауіпті түрде қате түсіндіреді. Ол негізінен ислам құндылықтардың немесе идеялардың қайнар көздерінің бірі болып саналатын саяси партияларға сілтеме жасау үшін қолданылады, бірақ оның «...нақты анықтамасы мүлдем жоқ және көптеген топтар оны жиі теріс пайдаланды. Бұл қауіпті терминология» [7].

Ал «Мұсылман-бауырлар» ұйымының жоғарғы жетекшісінің орынбасары Ибрагим Мунир пікірінше, «Саяси ислам» термині ислам мәдениеті үшін жаңа, исламда «саяси ислам» және «саяси емес ислам» деп аталатын ұғым жоқ, өйткені ислам өмірдің барлық саласын қамтиды. Бұл саяси жұмыс, әлеуметтік жұмыс немесе гуманитарлық көмек, қайырымдылық және іс-қимыл сияқты барлық әрекеттерді қамтитын жан-жақты дін. Сондықтан «...біз мұны ислам тұрғысынан бөтен терминология деп санаймыз. Исламға сәйкес, мұсылман үкімет пен Конституцияның заңдары мен ережелерін сақтай отырып, осы салалардың барлығында белсенді болуға міндетті» [7].

Доктор Анас Алтикрити саяси ислам өзінің жасалуы жағынан да, оған түрлі тараптардың, яғни болжанған спектрдің ішінде де, сыртында да берген мағынасы мен анықтамасы жағынан даулы термин екенін алға тартты. Ол саяси исламға: «...демократия құндылықтарын және адам құқықтары мен бостандықтарын қолдайтын және насихаттайтындардан бастап, «шынайы ислами ілімдерден» ауытқушылық ретінде демократияны қабылдамайтын және жоққа шығаратындарға дейін» [7] деген тұжырымдама береді.

Тәуелсіз ғалым Сондос Ассем: «... «саяси ислам» термин ретінде ислам партиялары немесе ислами сілтемелері бар партиялар өздері таңдаған анықтама емес. Менің ойымша, бұл негізінен «исламистер» термині сияқты академиялық термин. Сондықтан сипаттама мен дәлдікке мұқият болу маңызды» [7] деп, өз ойымен бөлісті.

«Саяси ислам» терминінің анықтамасына байланысты жазбаша сауалнамаға саяси ұйымдар басшыларынан бөлек, жекелеген саясаткерлер мен зерттеушілер, ғылыми-зерттеу орталықтары мен саяси партиялар да жұмылдырылған.

Халықаралық Діни Сенім немесе Сенім Бостандығы (the APPG for International Freedom of Religion or Belief) партияаралық тобы мынадай анықтама береді: «саяси қозғалыстарды сипаттауда «саяси ислам» терминін қолдануда шұғыл шешілуі тиіс мәселе, өйткені әртүрлі мұсылман қауымдастықтары бұл терминді қолданбайды, сондықтан оны мойындамайды. Бұл исламды ұстанбайтын және исламды ұстанатындардың әртүрлі идеологияларын талдау және сипаттау үшін саясат пен халықаралық қатынастар саласында жұмыс істейтіндер қолданатын «батыстық» тұжырымдама». Сондай-ақ олар «...саяси ислам» әртүрлі идеологиясы бар мұсылмандарды

білдіреді, олардың кейбіреулері ұлттық болмыспен байланысты болуы мүмкін саяси көзқарастарды ұстанады. «Саяси исламның» біртұтас идеологиясы немесе дүниетанымы жоқ, сондықтан бір ғана анықтама тым қарапайым болар еді» [8] деген ұйғарым жасайды.

«Дин Байт-аль-Амана» тәуелсіз зерттеу институтының зерттеушісі Мохд Дауд Мат (Малайзия) «Саяси ислам зорлық-зомбылық пен экстремизмге қатысы жоқ тәжірибелер мен мысалдарды кеңінен қамти отырып, әділетті түрде түсіндірілуі керек» [8] деп түсініктеме берсе, Джамаат-е-Ислами партиясының Бас хатшысының көмекшісі Абдур Раззак (Бангладеш) «Саяси ислам – мұсылман әлемінде пайда болған құбылысты анықтауға сәйкес келмейтін термин» деген ойымен бөлісіп, сондай-ақ «саяси ислам» исламның саяси өрістегі көрінісі болғанымен, шын мәнінде исламды саяси ислам немесе әлеуметтік ислам және т.б деп бөлуге болмайды деген пікірде. Оның пайымдауынша, көп жағдайда саяси ислам мұсылмандардың батыстық парадигмаларды ұстана отырып, дәстүрлі құндылықтарын сақтап, өздерінің саяси институттарын реформалау әрекетін білдіреді. Жалпы, «...саяси ислам демократияны қолданатын және саяси өзгерістер бейбіт және демократиялық жолдарға әкелетініне сенетін топтарға, партияларға немесе қозғалыстарға қолданылуы керек» [8].

Ұлыбритания мемлекеті исламдық саяси топтар мен саяси ислам ұғымының анықтамасы мен түсіндірмесі бойынша екі баяндама: бірі Сыртқы істер комитеті үшін, екіншісі Ұлыбритания Парламенті үшін дайындалды. Сыртқы істер комитетінің баяндамасы таратылмады, бірақ Парламенттің баяндамасы оның ресми веб-сайтында жарияланды.

Жоғарыда айтылғандай, 2016 жылы сауалнама жүргізу барысында, соның нәтижелерін талқылау үшін төрт рет шақырылым өткізіліп, барлық саяси ұйым басшылары, саясаткерлер мен ғылыми қызметкерлердің жазбаша және ауызша берілген тұжырымдамаларын сараптай отырып, 2017 жылы Ұлыбритания Сыртқы істер комитеті «саяси ислам» ұғымына: «Саяси исламизм ашық экстремистік көзқарастар, демократияға қарсылық пен батысқа және либералды, прогрессивті қоғамдарға түбегейлі дұшпандық көзқарастарды қамтуы мүмкін. Осылайша, саяси исламистердің көзқарастары, сенімдері мен мақсаттары ауқымы өте кең. Спектрдің бір шетінде демократиялық принциптер мен либералды құндылықтарға, мысалы, теңдік пен өзара құрмет пен әртүрлі конфессиялар мен нанымдарға төзімділік сияқты шыннайы міндеттемелерді көрсететін топтар мен жеке тұлғалар, спектрдің екінші шетінде төзімсіз, экстремистік көзқарастарды ұстанбайтын топтар мен жеке тұлғалар орналасқан» [8] деп түсініктеме берді.

Саяси ислам түсінігінің проблемасы топтар мен ұйымдардың зорлық-зомбылық пен демократияға деген көзқарасында ғана емес, сонымен бірге мұсылмандардың дінмен, мемлекетпен және қоғаммен қарым-қатынасында, сондай-ақ олардың өмірі мен руханиятын ұйымдастыруда жатыр.

«Саяси ислам» немесе «исламизм» ұғымының тұжырымдамалануы

Саяси ислам ұғымын тұжырымдамалау немесе зерттеу барысында көптеген ғалымдар мен зерттеушілер бірі оның бастапқы тарихы 1928 жылы Мысырда құрылған және қазіргі кезде белсенді саяси күш саналатын «Мұсылман бауырлар» ұйымының құрылуынан бастау алады деп қарастырса, енді бірі саяси исламның қалыптасуындағы ең үлкен саяси оқиға ретінде 1978-1979 жылдары Иранда орын алған «Ислам революциясымен» байланыстырады. Сондай-ақ ғалымдардың қарама-қайшы көзқарастары тек саяси ислам терминінің бастапқы тарихы бойынша ғана емес, жалпы осы ұғымға берілетін анықтама мен мағынасына байланысты көптеген қайшылықты пікірталастар бар.

Бұл пікірталас ислам мен саясатқа қатысты көптеген ғылыми зерттеулерден өтетін екі даулы мәселені қамтиды. Біріншіден, саяси исламды қандай да бір түрде ислам дәстүрінің қағидаларынан түсіндіруге бола ма, әлде бұл негізінен зайырлы субъектілердің діни сілтемелерді теріс пайдалануы ма? Екіншіден, саяси ислам таза заманауи саяси құбылыс па, әлде бұрыннан келе жатқан исламдық діни міндеттемелердің жетегінде ме? [9, 1 б.]. Бұл сауалға француз саясаткері және исламтанушы Жоселин Сезари «Саяси ислам дегеніміз не?» деген кітабында саяси ислам ұғымын толыққанды зерттеп, зерттеушілер арасында немесе қоғамда осы терминнің мағынасы мен түсіндірмесіне байланысты орын алған көптеген қарама-қайшы көзқарастарға жауап беруге тырысады.

Сезари аталмыш еңбегінде, саяси ислам тек ұлттық идеологияның діни нұсқасы емес, керісінше идеология екенін нақтылайды. Автордың ойынша, саяси ислам - ұлтшылдық пен исламшыл идеологиялар негізделген мәдени негіз. Сондай-ақ ол саяси исламның төрт негізгі формасын айқындайды: «мәжбүрлі, гегемониялық, азаматтық және трансұлттық немесе жаһандық - бүгінде ұлттық және халықаралық контексте орын алған. ...саяси ислам – бұл ұлттық және ислами құндылықтар тоғысқан мәдени бірегейлікті құра отырып, мемлекеттің белгілі бір аумаққа және халыққа қолданатын мәжбүрлеу және тәртіп әдісі» [9, 7 б.]. Сондай-ақ, саяси исламды «...тек қазіргі заманға дейінгі ислам дәстүрінің аясында ғана түсіндіруге болмайтын саяси мәдениет ретінде анықтау дұрысырақ, өйткені бұл ислам дәстүрін ұлттандыру мен реформалау/батыстандырудың дуалистік процестерінің нәтижесі» [9, 2-3 бб], деп түсіндіреді. Ғалым мемлекет пен ислам арасында ешқандай қарсылық жоқ, өйткені ұлттық мемлекет ең алдымен саяси исламды мүмкін еткен негізгі құрылымдық элемент *екендігін айтады*. Ал «...«батысшыл» ұлтшылдар мен «дәстүрлі» исламды қолдайтын акторлар арасында айқын айырмашылық болған жоқ. Қарама-қарсы мақсаттарына қарамастан, екі топ ХІХ ғасырдан деколонизацияға дейін үнемі диалогта болды. Бұл кросс-өндеудің таклид (дәстүр), ижтиһад (түсіндіру) және үмма (жамағат) сияқты діни терминдердің

қазіргі саяси түсінігіне тигізетін әсері шамалы. Екі топ та келіспесе де, осы заманауи мағыналарға сүйенеді» [9, 4 б.].

Ресейлік тарихшы әрі исламтанушы Р.Г.Ланда: «Саяси ислам – соңғы 200 жылдағы ислам әлемінің Батыстың отаршылдығына қарсы тұруының үшінші толқыны. Бірінші толқын – панисламизм, ол негізінен сунниттік мұсылмандарды Османлы Сұлтан халифасының қамқорлығымен біріктіруге тырысты. Бірақ панисламистер бұл тапсырманы орындай алмады және 1918 жылы Осман империясы жойылғаннан кейін іс жүзінде ұмытылды. Екінші толқын – ұлтшылдық, 20-60 жж XX ғ. ислам елдерінің саяси егемендігіне қол жеткізді» [10, 119 б.] – дей келе, «...мұсылмандар өздерінің діні мен мәдениетін, бай тарихы мен ұлттық қадір-қасиетін құрметтеуді талап етті. Бірақ Батыс мұны қаламады, оған сәйкес келетін күш арақатынасын сақтауға тырысты. Сонымен қатар, ол жай ғана Шығысты түсінбеді, империялық тәкаппарлықты және өзінің өркениетінің, әдет-ғұрпы мен өмір салтының артықшылығына деген терең сенімін бұзды. Шын мәнінде, Батыс билеушілерінің ислам әлемімен ортақ тіл табуға құлықсыздығы мен қабілетсіздігі» [10, 119 б.] исламның саясиленуіне әкелгенін зерделейді. Алайда француз ғалымы Жоселин Сезаридің ойынша, саяси ислам батыстық модернизм мен шынайы, отарланбаған ислам арасындағы қақтығыстың нәтижесі емес, керісінше, «...мұсылман аймақтарында дін, ұлтшылдық және зайырлылық ұғымдарының сіңуінің нәтижесі» [9, 5 б.]. Ресейлік саясаттанушы Шипицин Ю.Б. әріптесі Р.Г.Ландоның көзқарасымен келісе отырып, батыстық әріптестерінің көпшілігі ислам мәселесі жайлы проблемаларды қарастыру барысында XX-XXI ғасырларда өзіндік «стигмаға» айналған исламизм, радикализм, фундаментализм, діни терроризм сияқты ұғымдарға аса назар аудару арқылы билікті күшпен шешуге итермелейді. Ал «саяси ислам қоғамдағы кейбір оқшауланған құбылыстарға қарсы емес, негізінен қазіргі батыс (англо-американ, атлантикалық) өркениетінің құрылымы мен құндылықтарына қарсы күреседі» [11, 340-341 бб.], яғни өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, сырттан келген өркениеттің құндылықтары мен саясатына қарсы күреседі.

Вестминистр университетінің докторы Мария Холт пікірінше, «...«исламизмнің» формалары мен тәжірибесі арасында, әсіресе «радикалды» және «қалыпты» формалар, ұлттық саясатқа қатысуды таңдаған партиялар мен исламизмді революциялық жолмен жоюды жақтайтын партиялар арасындағы елеулі айырмашылықтарды атап өтуіміз керек. Бұл айырмашылықтар саяси исламның тартысты сипатын, сондай-ақ ислам мен Батыс арасындағы проблемалық қарым-қатынасты көрсетеді» [12], осы саяси партиялар көзқарастары арасындағы айырмашылықтар Батыстың шынайы исламды түсінуде мәселелердің туындайтынын алға тартады.

XIX ғасырға дейін дәстүрлі мұсылман қоғамдарында ислам кеңінен таралғанымен, мұсылман қоғамдарының салыстырмалы тұйықтығы мен

сыртқы әлеммен қарым-қатынасының шектелуіне байланысты саяси аренаға шықпады. Алайда, ол бірте-бірте саяси сахнаға шығып, қоғамның әртүрлі әлеуметтік салаларында белсенді бола бастады, бұл белсенділік Батыспен қақтығыстар деңгейінің өсуімен, әлеуметтік артта қалу мен отарлаудан туындаған мәселелермен байланысты. Сондай-ақ ХХ ғасыр байланыс құралдарының дамуының және кейбір елдерде адамдардың өз болмысын білуінің артуы нәтижесінде ислам саяси мәдениетке айналды. Соның нәтижесінде дәстүрлі исламның қалыптасқан нормаларын сынайтын, тіпті кей жағдайда теріске шығаратын жаңа радикалды тұлға қалыптасқан [13, 186 б.].

Зерттеуші Хасан Джаббари Насир, саяси исламның даму кезеңдегі үш ерекшеліктерді атап көрсетеді, «бірінші, ислами әлемдік тәртіпті түсінуді капиталистік немесе социалистік жүйе ретінде қарастыруға және олармен салыстыруға болмайды; екінші, мұсылмандар Батыстың үстемдігінен құтылу үшін әртүрлі саяси, ғылыми, мәдени және әскери салаларда оған қарсы тұруы қажет; үшінші, исламның өз басқару үлгісі бар. Ислам мемлекетін құру мұсылмандарды Батыстың кемсітуінен, деспотизмінен және отарлауынан құтқару, мұсылмандарды жоғарыда аталған жүйелерге тән басқа қауіптерден құтқару үшін қажет. Бұл исламдық және батыстық өркениеттердің мәні бойынша айырмашылықтарын көрсету және ислам үлгісін тәуелсіз ретінде көрсету үшін де маңызды» [13, 187 б.]. Яғни батыс отарлығынан еркін және құндылықтар мен саяси жүйелерден ада, өзіндік басқару үлгісі бар дәстүрлі ислам қоғамына ие болу.

Философия ғылымдарының докторы, профессор әл-Джанаби Майсем Мухаммед саяси ислам мағынасына былай анықтама береді: «саяси исламның» мәнін түсінудің жалпы алғышарты, ең алдымен, бұл өткен, қазіргі және болашақтың әртүрлі мәселелерін біріктіретін тарихи құбылыс. Оның таза саяси құбылыс ретінде көрінуі, яғни исламды «саясаттандыру» идеясына негізделуі, ең алдымен, қазіргі ислам құбылысының саяси параметрлерінің басымдылығын көрсетеді» [14, 43 б.] және қазіргі «саяси исламның» қалыптасуындағы хронологиялық тұрғыдан пайда болуына ең үлкен саяси оқиға ретінде Ирандағы ислам революциясымен байланыстырады.

Профессор әл-Джанаби саяси исламды бес түрге жіктейді. Бірінші – таптық-идеологиялық (шартты түрде екі негізгі ағымды біріктіретін ұсақ буржуазиялық және буржуазиялық-помещиктік), екіншісі – діни (православие, модернизм, реформация мен «қайта құру»), үшінші – қалыпты бағыт (реформаторлық), орта және радикалды бағыт, төртінші – әлеуметтік (діни-саяси идеологиялардың қалыптасу ерекшеліктерін егжей-тегжей талдап, Шығыстағы діни реформа мен буржуазиялық ағартушылық, радикалды демократия бағыттарына аса назар аударады), бесінші классификация – «біріздендірілген жіктеу» (унифицированный), яғни яғни ислаимзм, фундамен-

тализм, терроризм және радикализм сияқты терминдерді қолдана отырып, қазіргі ислам құбылысын бір жалпы, әмбебап ағымға дейін азайтуды көздейді [14, 49 б.].

Ибрагим Гарайбе «Саяси ислам» термині әдетте ислами шарифат заңдары мен ислами ұғымдар мен ережелерді бейбіт саяси қатысу және/немесе демократия арқылы қолдану үшін жұмыс істейтін саяси ислам топтарына қатысты қолданылады, бірақ бұл атауды басқа да көптеген атаулармен қолдануға болады» [15] деп бұл ұғымның ауқымының кеңдігін алға тартады. Зерттеуші саяси ислам ұғымы, исламның қолданылуы мен саяси тұжырымдамасын; ислам құқығын қолданатын немесе діни және саяси рөл атқаратын қолданыстағы араб және ислами саяси жүйелерін; бейбіт немесе зорлық-зомбылық, экстремистік ислам топтарын (өйткені оларда исламды қолдану және оның саяси түсінігі туралы бағдарламалар мен түсініктер бар) қамтиды.

Сонымен қатар Ибрагим Гарайбе «...барлық саяси жүйелер мен ислами топтар өздерін «саяси ислам» деп атамайды және бұл атауды өздеріне қатысты қабылдамайды. Олар үшін «исламизм» ортақ атау болса да әрбір саяси топ өз атауын қалайды». Яғни әрбір ислами саяси құрылымдар мен топтар өздерін жалпылама саяси ислам ұғымына жатқызбай, әрқайсысының өз атауымен, яғни саяси ұйымдардың заңды атауымен атағанын қалайды. Өйткені ғалымның пікірінше, кейбір үкіметтер мен зерттеушілер бұл ұғымды қолдану барысында, барлық мұсылман топтарын, бейбіт және экстремистік топтарды қарастырады, осы ислами саяси топтардың тұжырымдамалары мен принциптерін қолдайтын араб немесе ислам мемлекеттерін де қарастырады. Бұл термин мағынасының бірізденбегендігі көптеген зерттеулер мен үкіметтік пікірталастарда қарама-қайшылықтар мен кей кездері кереғар анықтамалардың пайда болуына алып келеді. «Бұл екіұштылық пен терминнің жан-жақты түсіндірмесі «саяси исламға» қатысты түсінбеушілік пен теңсіздікке әкелді» [15]. Сондықтан «...саяси ислам деректерін қайта қарау тұжырымдаманы кең етіп, топтар мен жеке тұлғалардың кең ауқымын қамти-тын бірқатар пікірлер, сенімдер мен мақсаттардың болуын көрсетеді» [15].

Қазіргі заманда осы саяси ислам термині айналасына пайда болған келіспеушіліктерді шешу негізінде бұл ұғым мағынасын кеңейту арқылы шешуге болады. Алайда жоғарыда айтып кеткендей, саяси ислам ұйымдары мен топтары өздерінің саяси ислам термині ауқымында қолданғанын қаламайды.

Зерттеуші Коновалов А.Г. «Саяси ислам феноменінің ислам елдері халықтарының интеграциясы мен бірігуі саласында да, осы мемлекеттердің саяси мәдениетінің дамуындағы маңызды рөлін атап өткен жөн. «Исламдық тәртіптің бастапқы тазалығына, модернизацияға және жаңа қоғамдық саяси мәдениетке қайта оралу тұжырымдамасы» исламның біртұтас денесіне біріктіретін концептуалды және саяси «қаңқаны» құру» [16, 231 б.] – деп сая-

си ислам, өзінің бастапқы қалпына оралып, сонымен қатар қазіргі заманның жаңашылықтары мен саяси мәдениеттің өркендеуін қабылдау.

Исламтанушы-ғалымдар Гаврилина Е. және Семедова А. пікірінше, саяси ислам қазіргі өмірдің ажырамас бөлігіне айналған және ол – көп деңгейлі және көп аспектілі мәселе. Жер шарының түкпір-түкпірінде елең еткізіп, оғаш кейіпке ие болуымен ерекшеленетін бұл құбылысты жан-жақты талдау үшін ондаған, жүздеген еңбектер қажеттілік етеді. «Саяси исламның идеологиясы мен тәжірибесі қоғамның діни емес, зайырлы мәселелерін шешуге бағытталған. Оның теологиялық дискурсы, діни түсіндірмесі қарапайым мұсылмандарға саяси-әлеуметтік көзқарастарды түсіндірудің негізгі құралы, сонымен қатар исламшылар ұсынған мақсаттар үшін күреске жұмылдыру құралы» [17, 142 б.].

Зерттеушілер саяси исламға жалпы сипаттама бере отырып, оған мынадай анықтама береді: «Саяси ислам – ислам әлемінің әртүрлі елдеріндегі әртүрлі әлеуметтік топтардың ұмтылыстарын сол немесе басқа нысанда білдіретін сан алуан қозғалыстар» [17, 142 б.]. Сонымен қатар саяси ислам қазіргі саяси, әлеуметтік, экономикалық және моральдық проблемалармен тығыз байланысты.

Сонымен қатар «Батыстың жаһандану ұранымен мұсылман әлемінде қалыптасқан дәстүрлерді есепке алмай, өзінің мәдени-адамгершілік нормалары мен саяси-құқықтық формаларын мұсылмандарға тану әрекеттері теріске шығаруда» [17, 142 б.] деген тұжырым жасау негізінде бұл зерттеушілер де ресейлік әріптестерінің батыстың жаһандану, жаңғырту саясаттарының ислам әлеміне шамадан тыс әсер етуі, исламның саясилануына әсер еткені туралы көзқарастарымен келіседі.

Тарих ғылымдарының докторы Георгий Ильич Мирскийдің 2002 жылы жарияланған «Саяси ислам және батыстық қоғам» атты ғылыми мақаласында «исламның саясилануы соңғы онжылдықтарда ғана болды, адамдар «саяси ислам», «ислам радикализмі», «ислам фундаментализмі», «исламдық қайта өрлеу», «исламдық жаңғыру» белгісі туралы айта бастады. Шын мәнінде, «фундаментализм» міндетті түрде саяси радикализмге немесе экстремизмге тең емес және терроризмнің тікелей себебі емес» және «...мұсылмандық көзқарас бойынша исламның саяси ықпалы абсолютті табиғи құбылыс», [18] дәл осындай пікірді саяси ислам ұйымдарының басшылары мен жетекшілері айтқан болатын. Олар исламды «саяси ислам», «саяси емес ислам» деп бөліп қарауға болмайтынын және ислам саяси-әлеуметтік өмірдің барлығын қамтиды.

Македониялық ғалым Никола Горшоски көзқарасынша, саяси исламды зерттегенде, оның мағынасын анықтап, сонымен бірге оның болашақта пайда болатын басқа да терминдерден айырмашылығын түсіну керек. Н.Горшоски, саяси ислам терминін бірнеше себептерге байланысты қолданылатынын атап кетті. «Біріншіден, исламизм термині әрқашан қалыптасқан саяси жүйенің

институционалдық шеңберінен тыс радикалды саяси қозғалыстармен сәйкестендіріледі, бірақ бұрыннан бар конституциялық жүйелер шеңберінде әрекет ететін көптеген саяси партиялар бар. Екіншіден, фундаментализм термині діндердің өмірдегі негізгі принциптерін, сондай-ақ кеңірек әлеуметтік контексте еске түсіруге тырысатын барлық қозғалыстар мен партиялар үшін қолданылуы мүмкін, бұл айырмашылықты саяси ислам өз негізінде білмейді. Үшіншіден, исламдық жаңғыру (ояну) ұғымы өзінің маңызды өзгерістерімен қазіргі исламдық қозғалыстарға ғана қатысты болуы мүмкін және біздің мақсатымыз кеңістіктік-уақыттық метаморфоздарға, яғни көзге әсер ететін әртүрлі айнымалыларға ие болғанымен, мәңгілік және ашық бөлгішті анықтау болып саналады және ислам феномені ішіндегі айырмашылықтардың динамикасы. Демек, «саяси ислам» термині саясаттың өмір сүрген кезінен бастап адам қызметінің саласы ретінде өмір сүретіндігінің қарапайым себебіне және исламның өзінен кейінірек көретініміздей, оның пайда болуынан бүгінгі күнге дейін ең қолайлы болып көрінеді» [19, 32-33 бб.]

2017 жылы дінтанушы Жүсіпбек Ғ. «Саяси ислам және 25 жылдан кейінгі Орталық Азия» атты зерттеуінде, саяси исламды бір ғана қозғалыс немесе идеология ретінде қарастыруға болмайды деп санайды және радикалды саяси исламның таралуы және репрессиялық саясат туралы алты түрлі мифті талдап береді. «Біріншіден, исламизмді (мәні саяси исламды білдіреді) терроризмді айтпағанда, діни радикализммен сәйкестендіру қате. Екіншіден, Орталық Азиядағы оппозициялық саяси исламға «әлсіз мемлекет» құбылысынан туындаған дағдарыс сияқты факторлар себеп болды. Үшіншіден, радикалды саяси исламның таралу қаупін толығымен жоққа шығаруға болмайды, бірақ радикалды исламизмді өз мүдделерін көздейтін саяси топтар тудыруы, пайдалануы және шиеленісуі мүмкін екенін ескермеуге болмайды. ...Төртіншіден, Орталық Азиядағы радикалды саяси исламды зерттегенде, саясат пен есірткінің заңсыз айналымымен айналысатын қылмыстық астыртын топтар арасында ерекше байланыстың болуын ескеру қажет. Бесіншіден, Орталық Азия мұсылмандарының көпшілігінің жүрегі мен санасы саяси исламның кез келген түрленуімен айналысады деп сену жаңылыс болар еді. Орталық Азия халқының көпшілігінің арасында «исламизмді тарату» туралы мәлімдемелер алыпсатарлық. «Ислам режимін» құру негізінен саяси емес исламды ұстануға тырысып жатқан Орталық Азияның дінге негізделген халқының көпшілігінің мақсаты емес. Алтыншыдан, Орталық Азия мұсылмандарының көпшілігінің «мұсылмандығы» мәдени және жеке өмірде көрінеді және исламизмді Орталық Азия мұсылмандарының көпшілігінің мақсаты ретінде жоққа шығаратын зайырлы менталитетпен шектеседі» [20, 104-105 бб.]

Ал Ермекбаев А.А. өз кезегінде бұл ұғымға: «Саяси ислам – негізінен ислам әлемінің ішкі эволюциясы нәтижесінде және осы эволюцияның бірқатар процестерінің қосылуы нәтижесінде, негізінен барған сайын өсіп, кедейленіп

бара жатқан елдердің саясилануы нәтижесінде пайда болған күрделі және көп қырлы құбылыс» [21, 217 б.] деп анықтайды. Сонымен қатар, «исламизм (саяси ислам) міндетті түрде исламшыларды емес, қоғамдық салада маңызды рөл атқаратын исламға ашық халықтың кең тобын білдіреді («рационалды» және қалыпты саяси исламның бір түрі). салыстырмалы либералды және плюралистік саяси орта» [21, 107 б.].

Ислам тарихын зерттеуші неміс ғалымы Гудрун Кремер «Саяси ислам – қазіргі мұсылман қоғамдарындағы ең көрнекті және сонымен қатар ең қайшылықты құбылыстардың бірі» [22, 536 б.] деп бағалап, «саяси ислам мемлекет пен қоғамды «ислами» ету үшін өзгертуге ниетті жеке тұлғалар мен бірлестіктердің кең ауқымын белгілеу үшін қолданылатын өрнек. Бұл термин сондай-ақ сенімдер жиынтығы, мінез-құлық кодексі немесе саясатқа қатысты бейнелер мен метафоралар жинағы, сондай-ақ «ислам мемлекетін» немесе «исламдық тәртіпті» анықтаудың әртүрлі әрекеттері ретінде түсінілетін исламға қатысты» [22, 540 б.] деп тұжырымдайды. Неміс ғалымының пікірінше, саяси ислам түсінігі саяси салада белсенді әрекет ететін ислами тенденцияның нақты сегментін білдіреді және саяси ислам зорлық-зомбылық, радикалдық немесе экстремистік исламизмнің синонимі емес, сонымен қатар тек оппозициялық топтармен шектелмейді. Ислам республикасын жақтаушылардан ислам монархиясын немесе қайта жанданған халифатты жақтаушыларға дейін және өзін либералдар деп жариялаған қатал консерваторларға дейін қамтиды. Кейбір исламшылар әдетте қалыпты немесе прагматикалық, басқалары радикал, жауынгер немесе экстремистік деп жіктеледі. Тәжірибелік себептерге байланысты бұл терминді ұйымдасқан топтар, қозғалыстар мен партиялар үшін қолданған дұрыс, өйткені саяси исламның негізгі мақсаттары мен қағидаларын қандай да бір белгілі бір топпен немесе партиямен байланыссыз бөлісетін адамдардың айтарлықтай саны болуы мүмкін [22, 536 б.].

Исламтану және дінтанулық зерттеулермен айналысатын американдық ғалымдар Джон Оберт Фолл және Тамара Сонн саяси ислам термині ХХ ғасырдың аяғында пайда болған ислам атын жамылған заманауи саяси жұмылдыруды білдіретін қозғалыстарға қатысты қолданылған деген пікірде. Ал «саяси ислам» термині негізінен саяси бірегейлік пен әрекетке негіз болатын исламның кез келген түсіндірмесін білдіреді. Саяси исламды кейде ислами жаңғыру деп те атайды, онда дүние жүзіндегі мұсылмандар өздерінің діні туралы түсінігі мен адалдығын нығайтуға тырысады. Сонымен қатар барлық ислами жаңғыру қозғалыстарын саяси ислам деп сипаттауға болмайды. Американдық ғалымдар оның көрінісі ретінде, 1920 жылдары Үндістанның солтүстігінде құрылған Таблиғи жамағаттың айтарлықтай өзгеріске ұшырап, саяси белсенділіктен аулақ болып және көптеген сопылық бауырластықтар ХХ ғасырдың соңғы жылдарында саяси ислам бағдарламаларын насихаттамай жаңа кезеңге өткенін алға тартады. Сол сияқты мұсылмандар саяси

ислам туралы пікірталастарға кірмейтін көптеген түрлі саяси іс-шараларға қатысады. Осылайша, «бұл термин әдетте мұсылман әлеміндегі кез-келген саяси іс-әрекеттің жалпы белгісі емес, саяси бағдарламаның белгілі бір түріне сілтеме жасау үшін қолданылады» [23].

Зерттеу нәтижесінде біз саяси ислам ұғымы бойынша мынадай ұйғарымға келеміз. Бұл ұғымды академиялық термин деп айтуға болады, өйткені қандай да бір мұсылман елдерінде орын алған саяси құбылыстың салдары мен себептерін түсіндіру, анықтау барысында осы термин жүйелі түрде қолданылады. Сонымен қатар саяси сипаттағы кез келген ұйымдар мен топтарды, сондай-ақ ислам құндылықтарын ұстанатын топ мүшелеріне байланысты да осы ұғым қолданылады. Бір қызығы, бұл саяси ислам түсінігінде негативті және позитивті де көзқарастардың жиынтығын байқаймыз. Осы орайда ғалымдар арасында ғана емес, көпшілік арасында осы саяси ислам термині аясында қарама-қайшылықтар мен дұрыс түсінбеушіліктердің пайда болуы заңды. Өйткені кейбір зерттеушілер бұл ұғымды позитивті тұрғыдан сипаттаса, енді бірі деструктивті, радикалды іс-әрекеттерді сипаттағанда бұл терминді негативті жағынан көрсетеді.

Қорытынды

Саяси исламды зерттеу барысында ислами құндылықтар жүйесі мен ислами мәдени мазмұнды саясиландырудың сәйкестендірілмеген теорияларына байланысты концептуалды сипаттағы мәселелер туындады. Саяси ислам тақырыбына арналған дереккөзді зерттеу ресурсы исламдандыру, исламшылдық, ислами фактор, ислами императив және т.б. сияқты ұғымдарды анықтаудағы келісімсіздік анықтады. Саяси исламды зерттеудің қайшылықты сипаты «исламды саясиландыру», «саясатты исламдандыру» және «саяси ислам» ұғымдарын дамыту қажет екенін түсінуде негізгі көзқарас ретінде сыни тұрғыдан ойлаудың болашағын ашты. Қазақстандық қоғамда ислам саяси жүйе мен билік орбитасына қатысы жоқ әлеуметтік-мәдени, рухани-адамгершілік құбылыс болып саналады, сондықтан біздің қоғамның саяси жағдайы мен саяси мәдениетіне әсер ететін саяси исламның болуы туралы айту мүмкін емес.

Дегенмен, ислам құндылықтарын саясиландыруға және оларды дін мен саясатқа қарсы тұру дискурсына енгізуге тырысумен байланысты мәселелер әрқашан туындауы мүмкін. Мысалы, Араб көктемі және басқа да «түрлі-түсті революциялар» барысында саяси режимдердің өзгеруімен шет елдердің тәжірибесі діни компоненттің құндылық парадигмалары мен саяси бағыттардың өзгеруінің саяси технологияларында қалай қолданылғанын көрсетеді. Исламды саясиландыру - бұл бір өлшемді процесс, өйткені ол қоғамның барлық салаларын исламдандыруға алып келеді, исламның адамгершілікті, білім мен мәдениетті институттандыратын құбылыс ретіндегі

маңыздылығын теңестіреді. Сонымен қатар, исламды саясаттандыру және саясатты исламдандыру радикалды көзқарастар мен интолерантты сананың өсуіне ықпал етеді.

Мақалада ұсынылған саяси ислам дискурсы практикалық сипаттағы негізделген ұсыныстардың ғылыми-әдістемелік негізін құру мақсатында осы тақырыпты және оның аналитикасын одан әрі зерттеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Jeffery Arthur. The Political Importance of Islam // *Journal of Near Eastern Studies*. –1942. – No. 4. – Pp. 383–396.
- 2 Bernard Lewis. The Return of Islam // *Commentary*. 1976. – No. 1. – Pp. 39–49.
- 3 Godfrey H. Jansen. Militant Islam. – New York: Harper and Row, 1979. – 224 p.
- 4 Kramer Martin. Political Islam. – CA, SAGE Publications Ltd, 1980. – 88 p.
- 5 Dekmejian R. Hrair. The Anatomy of Islamic Revival: Legitimacy Crisis, Ethnic Conflict and the Search for Islamic Alternatives // *The Middle East Journal*. – 1980. – No. 1 (34). – Pp. 1-12.
- 6 Dekmejian R. Hrair. Islam in Revolution: Fundamentalism in the Arab World. 2d ed. – Syracuse, NY: Syracuse University Press, 1995. – 307 p.
- 7 Oral evidence: Political Islam. Tuesday 7 June 2016 // [Электронды ресурс] URL: <https://www.parliamentlive.tv/Event/Index/3c931447-2fd3-4e75-9266-0faa4ee1a989> (Қаралған күні 05.01.2024)
- 8 'Political Islam', and the Muslim Brotherhood Review // [Электронды ресурс] URL: <https://publications.parliament.uk/pa/cm201617/cmselect/cmfaif/118/118.pdf> (Қаралған күні 25.12.2023)
- 9 Jocelyne Cesari. Political Islam: The Nexus of State, Religion, and Nation // *What Is Political Islam?* – Colorado, Lynne Rienner Publishers, 2018. – P. 1-13
- 10 Ланда Р.Г. Политический ислам и отношения Восток–Запад // *Ислам в современном мире*. – 2015. – Том 11. – № 1. – С. 119-134.
- 11 Шипицин Ю.Б. Политический ислам в контексте межцивилизационных противоречий // *Научный диалог*. – 2017. – № 5. – С. 330-344.
- 12 Written evidence from Dr Maria Holt, University of Westminster (ISL0037) Political Islam and Democracy in the Wake of the 'Arab Spring' // [Электронды ресурс] URL: <https://data.parliament.uk/writtenevidence/committeeevidence.svc/evidencedocument/foreign-affairs-committee/political-islam/written/32648.html> (Қаралған күні 05.01.2024)
- 13 Хасан Джаббари Насир. Политический ислам, терроризм и безопасность на ближнем востоке // *Вестник МГИМО-Университета*. – 2017. – 5(56). – С. 183-198.
- 14 Аль-Джанаби М.М. К пониманию сущности феномена современного «политического ислама» // *Пространство и Время*. – 2015. – № 4(22). – С. 43-53.
- 15 غرايبة إبراهيم // [Электронды ресурс] URL: <https://jcss.org/523/%d8%a7%d9%84%d8%a5%d8%b3%d9%84%d8%a7%d9%85-%d8%a7%d9%84%d8%b3%d9%8a%8a%7%d8%b3%d9%8a-%d8%a8%d9%85%d8%a7-%d9%87%d9%88-%d8%a5%d8%b6%d8%b1%d8%a7%d8%b1-%d8%a8%d8%a7%d9%84%d8%af%d9%8a%d9%86-%d9%88%d8%a7/> (Қаралған күні 25.12.2023)
- 16 Коновалов А.Г. Феномен политического ислама в мусульманском мире в хх веке: от панисламизма к исламской интеграции // *Вестник СНО ДонНУ*. – Вып. 13. – Том 2: Социально-гуманитарные науки (Исторические науки и политология), часть 1. – 2021. – С. 227-232.
- 17 Гаврилина Е., Семедов А. Общая характеристика политического ислама // «Ломоносовские чтения. Востоковедение». – М., 2010. – С. 147–172.
- 18 Мирский Г.И. «Политический ислам» и западное общество // *Полис. Политические исследования*. – 2002. – № 1. – С. 78-86.
- 19 Gjorshoski N., Piiik G. Political and doctrinal sources and valuable framework of the political Islam in the context of political ideologies // *Journal of Liberty and International Affairs*. – 2018. – No 3(3). – Pp. 29-42. <https://nbn-resolving.org/urn:nbn:de:0168-ssoar-56107-8>

- 20 Жусипбек Г. Политический ислам в Центральной Азии после 25 лет независимости! // Центральная азия - 25: мысли о прошлом, проекция будущего. – 2017. – С. 101-108.
- 21 Ермекебаев А.А. Суть и понятие политического ислама в науке и истории региона// *Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология.* – 2012. – №1 (38). – С. 213-218.
- 22 Krämer Gudrun. Political Islam // In Encyclopedia of Islam and the Muslim World. Vol. 6. – New York: Macmillan, 2004. – Pp. 536–540
- 23 John O. Voll, Tamara Sonn. Political Islam Political Islam: Oxford Bibliographies Online Research Guide. – USA, Oxford University Press, 2010. – P. 34.

Transliteration

- 1 Jeffery Arthur. The Political Importance of Islam // *Journal of Near Eastern Studies.* –1942. – No. 4. – Pp. 383–396.
- 2 Bernard Lewis. The Return of Islam // *Commentary.* 1976. – No. 1. – Pp. 39–49.
- 3 Godfrey H. Jansen. Militant Islam. – New York: Harper and Row, 1979. – 224 p.
- 4 Kramer Martin. Political Islam. – CA, SAGE Publications Ltd, 1980. – 88 p.
- 5 Dekmejian R. Hrair. The Anatomy of Islamic Revival: Legitimacy Crisis, Ethnic Conflict and the Search for Islamic Alternatives // *The Middle East Journal.* – 1980. – No. 1 (34). – Pp. 1-12.
- 6 Dekmejian R. Hrair. Islam in Revolution: Fundamentalism in the Arab World. 2d ed. – Syracuse, NY: Syracuse University Press, 1995. – 307 p.
- 7 Oral evidence: Political Islam. Tuesday 7 June 2016 // [Электронды ресурс] URL: <https://www.parliamentlive.tv/Event/Index/3c931447-2fd3-4e75-9266-0faa4ee1a989> (Қаралған күні 05.01.2024)
- 8 ‘Political Islam’, and the Muslim Brotherhood Review // [Электронды ресурс] URL: <https://publications.parliament.uk/pa/cm201617/cmselect/cmfaif/118/118.pdf> (Қаралған күні 25.12.2023)
- 9 Jocelyne Cesari. Political Islam: The Nexus of State, Religion, and Nation // *What Is Political Islam?* – Colorado, Lynne Rienner Publishers, 2018. – P. 1-13
- 10 Landa R.G. Politicheskij islam i otnoshenija Vostok–Zapad [Political Islam and East-West Relations] // *Islam v sovremennom mire.* – 2015. – Tom 11. – № 1. – S. 119-134. (in Russ)
- 11 Shipicin Ju.B. Politicheskij islam v kontekste mezhsivilizacionnyh protivorechij [Political Islam in the context of inter-civilization contradictions] // *Nauchnyj dialog.* – 2017. – № 5. – S. 330-344. (in Russ)
- 12 Written evidence from Dr Maria Holt, University of Westminster (ISL0037) Political Islam and Democracy in the Wake of the ‘Arab Spring’// [Электронды ресурс] URL: <https://data.parliament.uk/writtenevidence/committeeevidence.svc/evidencedocument/foreign-affairs-committee/political-islam/written/32648.html> (Қаралған күні 05.01.2024)
- 13 Hasan Dzhabbari Nasir. Politicheskij islam, terrorizm i bezopasnost’ na blizhnem vostoке [Political Islam, terrorism and security in the Middle East] // *Vestnik MGIMO-Universiteta.* – 2017. – 5(56). – S. 183-198. (in Russ)
- 14 Al’-Dzhanabi M.M. K ponimaniju sushhnosti fenomena sovremennogo «politicheskogo islama» [To understanding the essence of the phenomenon of modern «political Islam»] // *Prostranstvo i Vremja.* – 2015. – № 4(22). – S. 43-53. (in Russ)
- 15 Ibrahim Gharaibeh. alislam alsyasy bma hv izrar baldyn valsyasm [Political Islam is harmful to religion and politics] // [Электронды ресурс] URL: <https://jcss.org/523/%d8%a7%d9%84%d8%a5%d8%b3%d9%84%d8%a7%d9%85-%d8%a7%d9%84%d8%b3%d9%8a%d8%a7%d8%b3%d9%8a-%d8%a8%d9%85%d8%a7-%d9%87%d9%88-%d8%a5%d8%b6%d8%b1-%d8%a7%d8%b1-%d8%a8%d8%a7%d9%84%d8%af%d9%8a%d9%86-%d9%88%d8%a7/> [in Arabic]
- 16 Konovalov A.G. Fenomen politicheskogo islama v musul’manskom mire v xx veke: ot panislamizma k islamskoj integracii [Phenomenon of Political Islam in the Muslim World in the 20th Century: from Panislamism to Islamic Integration] // *Vestnik SNO DonNU.* – Вып. 13. – Tom 2: Social’no-gumanitarnye nauki (Istoricheskie nauki i politologija), chast’ 1. – 2021. – S. 227-232. (in Russ)
- 17 Gavrilina E., Semedov A. Obshhaja harakteristika politicheskogo islama [General characteristic of political Islam] // «Lomonosovskie chtenija. Vostokovedenie». – M., 2010. – S. 147–172. (in Russ)

18 Mirskij G.I. «Politicheskij islam» i zapadnoe obshchestvo [«Political Islam» and Western society] // *Polis. Politicheskije issledovanija*. – 2002. – № 1. – S. 78-86. (in Russ)

19 Gjorshoski N., Pii G. Political and doctrinal sources and valuable framework of the political Islam in the context of political ideologies // *Journal of Liberty and International Affairs*. – 2018. – No 3(3). – Pp. 29-42. <https://nbn-resolving.org/urn:nbn:de:0168-ssoar-56107-8>

20 Zhusipbek G. Politicheskij islam v Central'noj Azii posle 25 let nezavisimosti! [Political Islam in Central Asia after 25 years of independence!] // *Central'naja azija - 25: mysli o proshlom, proekcija budushhego*. – 2017. – С. 101-108. (in Russ)

21 Ermekbaev A.A. Sut' i ponjatie politicheskogo islama v nauke i istorii regiona [Essence and concept of political Islam in the science and history of the region] // *Vestnik KazNU. Serija filosofija. Serija kul'turologija. Serija politologija*. – 2012. – №1 (38). – S. 213-218. (in Russ)

22 Krämer Gudrun. Political Islam // In *Encyclopedia of Islam and the Muslim World*. Vol. 6. – New York: Macmillan, 2004. – Pp. 536–540

23 John O. Voll, Tamara Sonn. Political Islam Political Islam: Oxford Bibliographies Online Research Guide. – USA, Oxford University Press, 2010. – P. 34.

Токтарбекова Л.Н., Сейтахметова Л.Н.

Феномен политического ислама: к проблеме концептуализации и контекстуализации

Аннотация. Политизация ислама, маркирование его в контексте политической составляющей, оказывающей влияние на политическую власть и политический ландшафт, способствовали появлению концепта «политический ислам», который интерпретируется с разных позиций, в том числе, и мировоззренческих. Политический ислам становится одной из самых популярных исламских тем, вовлекая в орбиту вопросы исламской идентичности, исламского права, исламской культурной парадигмы. Авторы статьи раскрывают многомерность данного понятия, представленного в зарубежном и отечественном дискурсах, выявляя особенности, специфику как самого понятия, так и представленных дискурсов. Политический ислам требует изучения не только как феномен, связанный с политизацией ислама, но и как научный концепт, необходимость исследования которого связана с социокультурными и религиозными процессами.

Ключевые слова: политический ислам, исламизм, религия, концепция, исламский термин, возрождение ислама.

Toktarbekova L., Seitakhmetova N.

The Phenomenon of Political Islam: to the Problem of Conceptualization and Contextualization

Abstract. The politicization of Islam, it's labelling in the context of the political component that influences political power and the political landscape, contributed to the emergence of the concept of «political Islam», which is interpreted from different perspectives, including the worldview. Political Islam has become one of the most popular Islamic themes, involving issues of Islamic identity, Islamic law, and the Islamic cultural paradigm. The authors of the article reveal the multidimensionality of this concept, represented in foreign and domestic discourses, identifying features, specifics of both the concept and presented discourses. Political Islam needs to be studied not only as a phenomenon associated with the politicization of Islam, but also as a scientific concept whose need to study is connected with sociocultural and religious processes.

Keywords: Political Islam, Islamism, Religion, Concept, Islamic Term, Revival of Islam.